«Алматы облысы Іле ауданы
ТОО "Ғасыр-МБК" «Өркен» бөбекжай балабақшасы»

№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ОТЫРЫСЫ

Өткізілген уақыты: 15.05.2026 ж

Түрі: Дәстүрлі

Тақырыбы: «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен балабақшаны аттестаттау шеңберінде ТОО "Өркен" бөбекжай балабақшасының өзін–өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу»

Хаттама №3

Төрайымы: Жәуміт А.Б

Хатшысы: А.Сағынбаева

Қатысқандар саны: 11

Күн тәртібінде:

1. 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен таныстыру.

2. Мектепке дейінгі ұйымды өзін-өзі бағалау кезеңдері мен талаптарын түсіндіру.

3. Өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту.

4. Аттестаттауға қажетті құжаттарды жинақтау және жүйелеу жұмыстарын ұйымдастыру.

5. Педагогтердің кәсіби құжаттарын (портфолио, жоспарлар, мониторинг) дайындау барысы.

6. Білім беру процесінің сапасын бағалау көрсеткіштерін талдау.

7. Ата-аналармен жүргізілетін сауалнама және кері байланыс жұмыстарын ұйымдастыру.

8. Аттестаттау бойынша ішкі бақылау және мониторинг жүргізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Төрайым Жәуміт А.Б 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен таныстырды. Аттестаттау талаптары, кезеңдері және бағалау өлшемшарттары туралы толық ақпарат берілді.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер Жәуміт А.Б өзін-өзі бағалау рәсімінің маңыздылығын атап өтті. Бағалау барысында ұйымның барлық бағыттары қамтылуы тиіс екендігі түсіндірілді.

3-мәселе бойынша:

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы ұсынылып, талқыланды.

4–8 мәселелер бойынша:

Аттестаттауға дайындық барысында құжаттарды ретке келтіру, педагогтердің кәсіби деңгейін көрсету, ата-аналармен жұмыс, мониторинг жүргізу қажеттілігі айтылды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Қожақмет А.С аттестаттау барысында құжаттардың толық әрі жүйелі болуы маңызды екенін атап өтті. Педагогтердің бірлескен жұмысы нәтижесінде сапалы көрсеткішке қол жеткізуге болатынын айтты.

ШЕШІМ:

1. 2026 жылғы мемлекеттік аттестаттау кестесі басшылыққа алынсын.

2. Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы бекітілсін:

Комиссия төрағасы: Жәуміт А.Б

Мүшелері:

* Жәуміт А.Б – әдіскер

* Қожақмет А.С – тәрбиеші

3. Аттестаттауға қажетті барлық құжаттар 2026 жылдың 15 маусымға дейін толық дайындалсын.

4. Педагогтердің құжаттары (портфолио, жоспарлар, мониторинг) талапқа сай рәсімделсін.

5. Ата-аналар арасында сауалнама жүргізілсін.

6. Білім беру сапасына ішкі мониторинг тұрақты түрде жүргізілсін.

7. Комиссия қорытындысы педагогикалық кеңесте қарауға ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Жәуміт А.Б

Хатшы: А. Сағынбаева

Қазақстан Республикасы Алматы облысы Іле ауданы ЖШС/ТОО «Ғасыр МБК» БСН/БИН 220740010631 Алматинская обл. Илийский р-н Республика Казахстан